

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже
(2022 жылдың «01» сәуірінен бастап қолданысқа енгізіледі)

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күні	Хаттама №	Тіркеу №
1	Хаттама	«28» маусым 2022 ж.	№7	Тіркеу №62
2	Хаттама	«23» қараша 2023 ж.	№14	Тіркеу №299/1
3	Хаттама	«29» наурыз 2024 ж.	№7	Тіркеу №242
4	Хаттама	«__» _____ 202__ ж.	№__	Тіркеу №__

«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 2-беті
---	---	---------------------

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы «28» маусымдағы №7 шешіміне сәйкес қосымшаларын есепке ала отырып, Ереженің барлық мәтіні бойынша тиісті септіктердегі «Жылдық» сөзінен кейін тиісті септіктердегі «/орташа мерзімдік» сөздерімен толықтырылды.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы «29» наурыздағы №7 шешіміне сәйкес Ереженің қосымшаларын есепке ала отырып, Ереженің барлық мәтіні бойынша «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» сөздерінен кейін «, дербес деректерді қорғау, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияларды қорғау» сөздерімен толықтырылсын;

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы «29» наурыздағы №7 шешіміне сәйкес Ереженің қосымшаларын есепке ала отырып, Ереженің барлық мәтіні бойынша «сол сияқты уәкілетті органдардың тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктерді» сөздері «уәкілетті органдардың тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктерді, сондай-ақ Қорға көрсетілген кеңес беру қызметтерінің нәтижелері бойынша тәуекелдерді/сәйкессіздіктерді» сөздеріне ауыстырылсын.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «БЖЗҚ» АҚ Ішкі аудит қызметіне (әрі қарай – ІАҚ, Қызмет) Ішкі аудит департаменті (әрі қарай – ІАД) және «БЖЗҚ» АҚ облыстық және Алматы, Шымкент қалаларындағы филиалдарының өңірлік ішкі аудиторлары (әрі қарай – ӨІА) кіреді.

2. Осы Ереже ІАҚ-ның мәртебесін, миссиясын, мақсаттарын, міндеттерін, қызметтерін, өкілеттіктерін және жауапкершілігін, ІАҚ қызметкерлерінің біліктілігіне қойылатын негізгі талаптарды, ІАҚ қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйлықақыларының мөлшері мен талаптарын айқындау тәртібін, ІАҚ қызметкерлеріне тәртіптік жаза тағайындау туралы шешім қабылдау тәртібін, ІАҚ есептілігін, органдармен және Қордың құрылымдық бөлімшелерімен, басқа да ұйымдармен өзара әрекеттесуін, сол сияқты «БЖЗҚ» АҚ ІАҚ басшысы болып табылатын ІАД директорының өкілеттігі мен жауапкершілігін айқындайды.

3. ІАҚ «БЖЗҚ» АҚ-ның (әрі қарай – Қор) Қор Жарғысына сәйкес Қордың қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын органы болып табылады.

4. ІАҚ ішкі аудитті¹ - Қор қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен кеңесті ұсыну бойынша қызметті жүзеге асырады. Ішкі аудит бағалаудың және корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және бақылау үдерістерінің тиімділігін көтерудің жүйелендірілген және бірізді тәсілін қолдана отырып, Қорға қойылған мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді.

5. ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қор Жарғысын, органдарының шешімдерін, осы Ережені және Қордың басқа ішкі құжаттарын басшылыққа алады;

2) Ішкі аудиторлар институтының (The Institute of Internal Auditors) кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерін (әрі қарай - КТХН) басшылыққа алады, оның құрамдас элементтеріне ішкі аудитті анықтау, ішкі аудиторлардың әдеп кодексі, ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары, сол сияқты оған тәжірибелік нұсқаулар мен нұсқаулық кіреді.

2-тарау. ІАҚ мәртебесі

6. ІАҚ Қорда тікелей бағыныштыларға және Қордың Директорлар кеңесіне есеп беретіндерге ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

¹ Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес ішкі аудитті анықтау

«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 3-беті
---	---	---------------------

7. ІАҚ сандық құрамын анықтау, өкілеттік мерзімін анықтау, ІАҚ басшысын және қызметкерлерін тағайындау, сол сияқты олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ІАҚ жұмысының тәртібін, ІАҚ қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйлықақыларының мөлшері мен талаптарын анықтау Қор Жарғысына сәйкес Қордың Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылады.

8. ІАҚ қызметіне ішкі аудит мәселелері бойынша жетекшілік етуді Қордың Директорлар кеңесі жанындағы уәкілетті комитеті (әрі қарай – Аудиторлық комитет²) жүзеге асырады, бұған соның ішінде Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын Қордың ішкі аудиті мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарды алдын ала қарастыру және шығару да кіреді.

9. ІАҚ қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, оларға берілетін кепілдіктер, өтемақылық төлемдер, демалысқа ақы төлеу және жеңілдіктер Қор Басқармасымен бекітілген Қордың ішкі құжаттарына сәйкес Қордың барлық қызметкерлеріне қатысты жүзеге асырылады.

10. Қордың ІАҚ ұйымдастырушылық құрылымы ІАҚ басшысының ұсынуы бойынша Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі. ІАҚ ұйымдастырушылық құрылымына ІАД және Қордың облыстық және Алматы, Шымкент қалаларындағы филиалдарының өңірлік ішкі аудиторлары (әрі қарай бірлесе аталған – ІАК) кіреді.

11. ІАҚ штаттық кестесі Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітіледі, соған сәйкес ІАД штаттық саны Қордың Орталық аппаратының штаттық санына кіреді, ал ӨІА штаттық саны Қордың облыстық және Алматы, Шымкент қалаларындағы филиалдарының штаттық санына кіреді.

ІАҚ штаттық саны ІАҚ алдына қойылған міндеттер мен қызметтерді тиімді орындауы үшін жеткілікті болуы тиіс, ІАҚ штаттық саны бойынша мәселе ІАҚ басшысының ұсынуы бойынша Директорлар кеңесінің бекітуіне шығарылады.

12. ІАҚ қызметін ұйымдастыруды және қызметіне басшылық жасауды ІАҚ басшысы (ІАД директоры), ал ол жоқ болғанда ІАҚ басшысының орынбасары (ІАД директорының орынбасары) жүзеге асырады. Бір уақытта ІАҚ басшысы мен ІАҚ басшысының орынбасары болмаған жағдайда – ІАҚ басшысының не болмаса Қор Басқармасы Төрағасының ұсынуы бойынша ҚР Еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің тиісті бұйрығы ресімделе отырып, ІАҚ басшысының міндеттерін орындау Директорлар кеңесімен басқа тұлғаға жүктелуі мүмкін. Бұл ретте ІАҚ басшысының міндеттерін уақытша орындаушы тұлға тиісті құқықтарға ие болады және осы Ережемен қарастырылған, өзіне жүктелген міндеттерді тиісті орындамағаны үшін дербес жауапты болады.

13. ІАД қызметкерлері мен өңірлік ішкі аудиторлар (әрі қарай бірлесе аталатын – ІАҚ қызметкерлері) өз жұмыстарында ІАҚ басшысына – ІАД директорына есеп беретін болады.

14. Қордың ІАҚ ұйымдастырушылық құрылымына кіретін:

14.1. ІАД – Қордың Директорлар кеңесіне қызметтік есеп беруге және Қор Басқармасы Төрағасына әкімшіліктік есеп беруге тиісті Қордың дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

ІАД құрылымына бағынышты бөлімшелер кіреді:

- 1) Қаржылық аудит басқармасы (әрі қарай – ҚАБ);
- 2) Операциялық аудит басқармасы (әрі қарай – ОАБ);
- 3) Ақпараттық аудит бөлімі (әрі қарай - ААБ);
- 4) Мониторинг және аудит әдістемесі бөлімі (әрі қарай – МжАӨБ).

ІАД бағынышты бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыруды және қызметіне оперативтік басшылық жасауды өз жұмыстарында ІАД директорына және ІАД директорының орынбасарына есеп беруге тиісті ҚАБ, ОАБ, ААБ, МжАӨБ бастықтары/бастықтарының орынбасарлары жүзеге асырады.

14.2. ӨІА – өңірлік ішкі аудиторлар ІАҚ басшысына қызметтік есеп беруге және Қор филиалының директорына әкімшіліктік есеп беруге тиісті болады.

² Қордың нормативтік ішкі құжаттарына сай Комитеттің анықтамасына сәйкес.

«Бірыңғай эсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай эсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 4-беті
---	---	---------------------

15. ІАД-ның Қор Басқармасы Төрағасына әкімшіліктік есеп беруге тиістілігі, ал ӨІА-ның Қор филиалының директорына есеп беруге тиістілігі келесі мәселелер бойынша шешімдер қабылдауды қамтиды:

- 1) осы Ереженің нормаларына және/немесе ІАҚ ұйымдастырушылық мәртебесіне қайшы келмейтін бөлігінде Қордың еңбек тәртібі қағидаларының талаптарын және Қордың ІНҚ талаптарын ІАҚ қызметкерлерінің сақтауы;
- 2) Қазақстан Республикасының Еңбек заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесінің шешімінің негізінде ІАҚ қызметкерлерімен еңбек шартын жасау, өзгерту, бұзу;
- 3) ҚР Еңбек заңнамасына сәйкес ІАҚ қызметкерлерінің демалыс кестесін, демалыс алуға өтініштерін және бұйрықтарын бекіту;
- 4) ІАҚ қызметкерлерін іссапарға жіберу құжаттарын бекіту;
- 5) Қызмет алдында қойылған міндеттер мен қызметтерді орындау мақсатында материалдық және басқа да ресурстармен қамтамасыз ету;
- 6) Қызмет алдында қойылған міндеттер мен қызметтерді орындау мақсатында ІАҚ қызметкерлерінің басқа құрылымдық бөлімшелермен, Қор қызметкерлерімен кедергісіз ішкі байланыстарын, Қордың арнайы үй-жайына, құжаттарына, ақпараттық ресурстарына кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Қордың Директорлар кеңесі жекелеген шешімдерге сәйкес Басқарма Төрағасына/филиал директорына осы Ережемен тура айқындалмаған, ІАҚ басқа да әкімшіліктік мәселелері бойынша шешім қабылдауға өкілеттік беруге құқылы.

16. ІАҚ Директорлар кеңесіне қызметтік есеп беру тиістілігі осы Ереженің басқа тармақтарында көрсетілгендерден басқа мынаны білдіреді:

- 1) Қордың Директорлар кеңесі Ережені және Қордың ішкі аудитінің қызметі бойынша басқа ішкі құжаттарды бекітеді;
- 2) аудиттің салалық картасы (жаһандық аудит) түрінде ІАҚ жүргізген тәуекелдерді бағалау нәтижелерін бекітеді;
- 3) Қордың ішкі аудитінің Жылдық/орташа мерзімдік жоспарын бекітеді;
- 4) Мәлімет ретінде, соның ішінде Басқарма мүшелерінің қатысуынсыз ІАҚ басшысымен Директорлар кеңесінің/Аудиторлық комитеттің кездесуінде назарға алынуы қажет деп саналатын ІАҚ басшысынан тексерулердің нәтижесі туралы және ішкі аудит қызметінің нәтижесі туралы немесе басқа мәселелер бойынша есептерді/ақпаратты алады, сол сияқты ішкі аудиттің ұйымдастырушылық тәуелсіздігінің жыл сайынғы растауын алады;
- 5) Басқармадан/Қор Басқармасы Төрағасынан және ІАҚ басшысынан өкілеттіктің шектеулері туралы немесе бюджеттік шектеулер туралы ақпаратты сұратады, ол ІАҚ-ның өз қызметтері мен міндеттерін орындау қабілеттілігіне ықпалын тигізуі мүмкін;
- 6) ішкі аудит қызметтерін сыртқы жеткізушілерді тарту қажеттілігі туралы шешімді және олардың таңдауын бекітеді;
- 7) ІАҚ міндеттері мен қызметтерін қаржылық қамтамасыз ету үшін, сол сияқты ІАҚ қызметкерлерін аудит, ішкі бақылау және/немесе ішкі аудит және/немесе Қор қызметіне қатысты басқа да мәселелер бойынша оқыту үшін бөлінген ІАҚ бюджетін жеке және/немесе Қордың жалпы бюджеті шеңберінде бекітеді.

17. ІАҚ қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары, олардың лауазымдық міндеттері, құқықтары және жауапкершілігі осы Ережемен, Директорлар кеңесі бекіткен лауазымдық нұсқаулықтармен және осы Ереженің №1-14 қосымшаларымен және еңбек шарттарымен белгіленеді.

18. ІАҚ басшысы өзінің лауазымдық міндеттерін осы Ережеге және еңбек шартына сәйкес жүзеге асырады.

19. ІАҚ басшысының және қызметкерлерінің заңмен белгіленген тәртіпте экономикалық қызмет саласында жасаған қылмысы үшін, сол сияқты жемқорлық қылмысы үшін алынбаған немесе өтелмеген сотталушылығы болмауы тиіс.

«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 5-беті
---	---	---------------------

20. Объективті және әділ пайымдамаларды қамтамасыз ету және оларды тиісті орындау мақсатында өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтерді орындау кезінде Қызмет қандай да бір тұлғалардың ықпалынан тәуелсіз болуы тиіс.

21. Аудит қатысушыларын (субъектілерін), пәндерін (объектілерін), көлемі мен мерзімдерін анықтау, аудиторлық жұмыстарды орындау және ІАҚ өз қызметінің нәтижесі туралы есептерді қалыптастыру және беру үдерістеріне Басқарма мүшелерінің және Қордың басқа тұлғаларының араласуына жол берілмейді.

22. Консультациялық тапсырманың сипаты объективтілікке әсер етпейтін жағдайда, ал тапсырманы орындау үшін еңбек ресурстарын бөлген кезде жеке объективтілікті қамтамасыз ету көзделген жағдайда, Қызмет консультациялық тапсырмалар бұрын орындалған салаларда кепілдіктер бере алады.

23. Егер ішкі аудиторлардың тәуелсіздігі мен объективтілігі болжамды консультациялық тапсырмаға байланысты теріс ықпалын тигізуі мүмкін болса, бұл туралы ақпарат консультациялық тапсырманы орындауға қабылдағанға дейін ашылуы керек.

24. Консультациялық тапсырмаларды орындау барысында ішкі аудиторлар тәуекелдерді ескеруі керек, тапсырманың мақсаттарына сәйкес бақылау мәселелеріне назар аударуы керек, сонымен қатар басқа да маңызды тәуекелдердің болуына, бақылаудың маңызды кемшіліктерінің болуына дайын тұруы керек.

25. Ішкі аудиттің шынайылық және әділдік үдерістерін сақтау мақсатында ІАҚ қызметкерлері ішкі аудитпен тексерілетін қандай да бір қызмет түріне тартылмауы тиіс және аудитке жатқызылатын, кезең ішінде олармен жүзеге асырылған қызметтің немесе функцияның аудитімен айналыспауы тиіс.

26. ІАҚ Қордың күнделікті жұмысына және Қордың ішкі бақылауларының күнделікті рәсімдеріне тәуелсіз болады және филиалдарды қосқанда, Қор жүргізетін барлық операциялар түріне қол жеткізе алады.

27. ІАҚ қызметкерлері Қордың операцияларына немесе ішкі бақылау бойынша шараларды таңдауға және жүзеге асыруға тартылмайды.

28. ІАҚ қызметкерлері Қордың басқа құрылымдық бөлімшелерінде қосымша лауазымдарды иелене алмайды.

29. ІАҚ қызметкерлері бір уақытта Қордың басқа бөлімшелерінде басқара (жетекшілік ете) алмайды немесе қызметтерді жүзеге асыра алмайды, сол сияқты Қор органдарының мүшелері бола алмайды.

30. ІАҚ қызметін бағалауды Директорлар кеңесі, соның ішінде Аудиторлық комитеттің ұсынымының негізінде, сол сияқты Қордың Жалғыз акционері және/немесе ішкі аудитор жүргізеді.

31. Қызметтің мәртебесіне, Қордың Жарғысына және осы Ережеге сәйкес қолданылмайтын құжаттарды қоспағанда, Қордың ішкі құжаттарының ережелері ІАҚ қызметкерлеріне қолданылады.

3-тарау. ІАҚ миссиясы және мақсаттары

32. ІАҚ миссиясы тұтас Қорды және оның беделін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару жүйелерінің сапалы және тиімді жұмыс істеуіне қатысты Директорлар кеңесіне және Қор Басқармасына тәуелсіз, дұрыс кепілдік ұсынуды, сол сияқты Директорлар кеңесіне және Қор Басқармасына Қордың стратегиялық мақсаттарға жетуі үшін өз міндеттерін орындауына қажетті ықпалын тигізуді білдіреді.

33. ІАҚ келесі салаларда дұрыс кепілдіктер ұсынады:

- 1) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі;
- 2) тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі (комплаенс-тәуекелдерді, операциялық тәуекелдерді, ақпараттық технология тәуекелдерін, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін, үздіксіз қызмет көрсету тәуекелдерін және басқаларды басқару);

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 6-беті
---	---	---------------------

- 3) Қордың ішкі саясатының, құжаттарының және үдерістерінің тиімділігі;
 - 4) бухгалтерлік есеп және соның негізінде жасалған қаржылық/басқарушылық ақпараттың жүйесінде ішкі бақылаулардың тиімділігі;
 - 5) корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігі.
34. ІАҚ негізгі мақсаты:
- 1) Директорлар кеңесінің ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару жүйелерінің жай-күйін объективтік бағалауды ұсыну және оларды жетілдіру бойынша ұсынымдарды ұсыну жолымен ішкі бақылаудың адекваттық жүйесінің болуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша қызметтерді жүзеге асыруы кезінде туындаған міндеттерді шешу;
 - 2) Қор қызметінің барлық аспектілері бойынша ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің адекваттылығын және тиімділігін бағалау;
 - 3) Қордың ішкі құжаттарының сақталуын, ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсынымдарының, қолданылған шектеулі ықпал ету шаралары мен санкцияларының, сол сияқты қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруға қатысты белгіленген уәкілетті органның талаптарының орындалуын бақылау;
 - 4) Директорлар кеңесін Қордың құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлеріне жүктелген міндеттер мен қызметтердің орындалуының жай-күйі туралы дұрыс ақпаратпен және өз уақытында қамтамасыз ету, сол сияқты жұмысты жақсарту бойынша ұтымды әрі тиімді ұсынымдарды ұсыну болып табылады.

4-тарау. ІАҚ негізгі міндеттері

35. ІАҚ негізгі міндеттері:
- 1) жүйені тұрақты жетілдіруге ықпал ету мақсатында Қор қызметінің барлық аспектілері бойынша тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің адекваттылығын және тиімділігін тәуелсіз, шынайы бағалау;
 - 2) Қордың ішкі қағидалары мен рәсімдерінің сақталуын, ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсынымдарының орындалуын, қолданылған шектеулі ықпал ету шаралары мен санкцияларының, сол сияқты қаржы нарығында қызметті жүзеге асыруға қатысты уәкілетті органның талаптарының орындалуын бақылау;
 - 3) Қорды тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін жүктелген қызметтер мен міндеттерді Қор бөлімшелері мен қызметкерлерінің орындау жай-күйі туралы тәуелсіз, шынайы және дұрыс ақпаратпен Қордың директорлар кеңесін өз уақытында қамтамасыз ету;
 - 4) Қордың жұмысын жақсарту бойынша қолданыстағы және тиімді ұсынымдарды ұсыну болып табылады.
- 35.1. ҚАБ негізгі міндеттеріне:
- 1) есеп, қаржы, зейнетақы қызметтерін көрсету, тәуекелдерді басқару мәселелерімен байланысты Қордың орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің, филиалдарының қызметін/үдерістерін тексеруді жоспарлау және жүргізуді қамтамасыз ету;
 - 2) Қор қызметін жақсарту бойынша бар кемшіліктер туралы тұжырымдарды және ұсынымдарды қамтыған тексеру нәтижелері бойынша Қордың директорлар кеңесі, Қор Басқармасы үшін есептер дайындау;
 - 3) ішкі және сыртқы аудитке жатқызылуы тиіс Қор операцияларындағы тәуекел саласын анықтау;
 - 4) тексеру нәтижелері бойынша ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
 - 5) тексеру нәтижелері бойынша Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын, осы талаптарға (комплаенс-бақылау) сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің адекваттылығын бағалау;
 - 6) тексеру нәтижелері бойынша Қордың ішкі саясатының, құжаттарының және үдерістерінің тиімділігін бағалау;

«Бірыңғай эжинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай эжинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 7-беті
---	---	---------------------

7) Қор басшылығына және сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы мен дәлдігін қамтамасыз ету мәніне бухгалтерлік есеп жүйесінде ішкі бақылаулардың және қаржылық/басқарушылық ақпаратты қалыптастырудың тиімділігін бағалау;

8) тексеру нәтижелері бойынша Қордың бағдарламаларын, жоспарларын және мақсаттарын орындауды бағалау жатады.

35.2. ОАБ негізгі міндеттеріне:

1) Қор қызметін қамтамасыз ету, корпоративтік басқару мәселелерімен байланысты Қордың орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің, филиалдарының қызметін/үдерістерін тексеруді жоспарлау және жүргізуді қамтамасыз ету;

2) Қор қызметін жақсарту бойынша бар кемшіліктер туралы тұжырымдарды және ұсынымдарды қамтыған тексеру нәтижелері бойынша Қордың директорлар кеңесі, Қор Басқармасы үшін есептер дайындау;

3) ішкі және сыртқы аудитке жатқызылуы тиіс Қор операцияларындағы тәуекел саласын анықтау;

4) тексеру нәтижелері бойынша Қордағы ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;

5) тексеру нәтижелері бойынша Қор бөлімшелерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын, осы талаптарға (комплаенс-бақылау) сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің адекваттылығын бағалау;

6) тексеру нәтижелері бойынша Қордың ішкі саясатының, құжаттарының және үдерістерінің тиімділігін бағалау;

7) Қор басшылығы мен сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын ақпараттың шынайылығы мен дәлдігін қамтамасыз ету тұрғысынан басқарушылық ақпаратты қалыптастыру жүйесіндегі ішкі бақылаулардың тиімділігін бағалау;

8) тексеру нәтижелері бойынша Қор бағдарламаларын, жоспарларын және мақсаттарын орындауды бағалау жатады;

35.3. ААБ негізгі міндеттеріне:

1) ақпараттық технологиялар/ ақпараттық қауіпсіздік (бұдан әрі - АТ/АҚ) бөлігінде Қор үдерістерін жоспарлауды қамтамасыз ету және тексерулер жүргізу;

2) дерекқордың тұтастығын және оларды рұқсатсыз кіруден қорғауды бақылауды қоса алғанда, автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу тиімділігін, күтпеген мән-жайлар болған жағдайда іс-қимыл жоспарларының болуын тексеру;

3) Қорда ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау саясатының сақталуын тексеру;

4) Қордың Директорлар кеңесі, Қор Басқармасы үшін тексеру нәтижелері бойынша кемшіліктер туралы тұжырымдар мен Қордың қызметін жақсарту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын есептер дайындау;

5) ішкі және сыртқы аудитке жатқызылуы тиіс Қордың АТ/АҚ операцияларындағы тәуекел саласын айқындау;

6) тексеру нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесінің, тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;

7) тексеру нәтижелері бойынша Қордың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын, осы талаптарға (комплаенс-бақылау) сәйкестілігін қамтамасыз ету үшін құрылған және қолданылатын жүйелер мен рәсімдердің адекваттылығын бағалау;

8) АТ/АҚ тексеру нәтижелері бойынша Қордың ішкі саясатының, құжаттарының және үдерістерінің тиімділігін бағалау;

9) Қор басшылығы мен сыртқы пайдаланушыларға ұсынылатын ақпараттың шынайылығы мен дәлдігін қамтамасыз ету тұрғысынан басқарушылық ақпаратты қалыптастыру жүйесіндегі ішкі бақылаулардың тиімділігін бағалау;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 8-беті
---	---	---------------------

10) тексеру нәтижелері бойынша Қор бағдарламаларын, жоспарларын және мақсаттарын орындауды бағалау жатады.

35.4. МЖАӘБ негізгі міндеттеріне:

1) тексеру нәтижелері бойынша Қордың ІАҚ ұсынымдарын, сыртқы аудитордың ұсынымдарын, мемлекеттік органдардың ықпал ету шаралары мен басқа да талаптарын орындауына мониторинг жасау;

2) Қордың үдерістерін тексеру нәтижелері бойынша байқалған тәуекелдердің деңгейін төмендетуді немесе Қор үшін байқалған тәуекелдердің қабылданатындығы туралы Қор Басқармасының және (немесе) Директорлар кеңесінің шешім қабылдауын құжаттандыруды қамтамасыз ететін, Қордың бөлімшелері мен органдары қабылдайтын шаралардың тиімділігін бақылауды жүзеге асыру;

3) ІАҚ қызметіне талдау жасау, қажеттілігіне қарай Қордың ішкі аудитінің әдістемесін әзірлеу/жетілдіру мақсатында Қор үдерістерін тексеруге қатысады;

4) ІАҚ қызметіне әрі қарай енгізу үшін ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарындағы үздік тәжірибелер мен өзгерістерге талдау жасау;

5) Қордың ішкі аудиті мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу, олардың өзектілігіне және реттеуші талаптарға және ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкестілігіне талдау жасау;

6) Қор үдерістерінің тәуекелдерін бағалауды жүргізуді қамтамасыз ету және аудит салаларының картасын (жаһандық аудит) әзірлеу, аудит салалары картасына мониторинг жасау және өзектілігін ұстап тұру;

7) Ішкі аудиттің Жылдық/орташа мерзімдік жоспарының жобасын дайындауды қамтамасыз ету;

8) ІАҚ қызметі туралы Қордың Директорлар кеңесі үшін есептілікті дайындау;

9) ІАҚ қызметкерлерін ішкі оқытуды, соның ішінде КТХН тәжірибелік қолдану бойынша оқытуды ұйымдастыру, ІАҚ қызметкерлерін сырттай оқыту бойынша ұсыныстар дайындау жатады.

35.5. Өңірлік ішкі аудиторлардың негізгі міндеттеріне:

1) зейнетақы жинақтарының төлемдері мен аударымдарын жоспарлауды қамтамасыз ету және мониторинг жүргізу, зейнетақы істерін қалыптастыру;

2) Қордың филиалдарындағы үдерістер бөлігінде ІАД тексерулеріне қатысу жатады.

36. Қордың ішкі аудитінің Жылдық/орташа мерзімдік жоспары ішкі аудит қызметін реттейтін Қордың ішкі құжаттарына сәйкес тәуекелді бейімдеу тәсілінің негізінде әзірленеді.

5-тарау. ІАҚ қызметтері

37. Қызмет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес белгіленген тәртіпте келесі қызметтерді (міндеттерді), соның ішінде Қызмет бөлімшелері шегінде орындайды:

37.1. Қаржылық аудит басқармасы келесілерді орындайды:

37.1.1. Қордың Орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің және филиалдарының есеп, қаржы, зейнетақы қызметтерін көрсету, тәуекелдерді басқару мәселелерімен байланысты қызметін, үдерістерін тексеру, соның ішінде келесі мәселелер бойынша:

1) ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару үдерістері мен рәсімдерін тексеру, олардың тиімділігін бағалау;

37.1.1 тармақтың 2) тармақшасына «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «23» қарашадағы №14 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

2) тәуекелдерді басқару және бағалау әдістемесінің және тәуекелдерді басқару рәсімінің (операцияларды жүзеге асыру әдістерінің, бағдарламаларының, қағидаларының, тәртіптері мен рәсімдерінің) қолдану толықтығы мен тиімділігін тексеру;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 9-беті
---	---	---------------------

3) қаржылық есептіліктің дұрыстығын, толықтығын, шынайылығын тексеру, бухгалтерлік есепте операциялардың өз уақытында көрсетілуін, сол сияқты ақпарат пен есептілікті өз уақытында жинастыру мен ұсынуды және олардың сенімділігін тексеру;

4) Қордың қызметі шеңберінде Қордың уәкілетті органға, сыртқы пайдаланушыларға есептілік пен ақпаратты ұсынуының дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін және уақтылығын тексеру;

5) Қордың ресурстарды және Қор мүлкінің сақталуын қамтамасыз ететін, қолданылатын тәсілдерді (амалдарды) қолданудың ұтымдылығы мен тиімділігін бағалауды жүргізу;

37.1.1 тармақтың б) тармақшасы «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «23» қарашадағы №14 шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

6) Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) және Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» заңының (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) талаптарын сақтау мақсатында құрылған жүйелерді тексеру;

7) Қордың қызметкерлерді басқару бөлімшесінің жұмысын бағалау;

8) Күнделікті теңгерімдерді пысықтаудың дұрыстығын, есеп саясатының қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкестілігін тексеру;

9) Қордың меншікті және зейнетақы активтерін есепке алудың дұрыстығын тексеру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасының, халықаралық келісімдердің, Қордың ішкі құжаттарының талаптарының сақталуын, сол сияқты уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқауларының, Қор органдарының шешімдерінің орындалуын тексеру және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалау;

11) Қордың стратегиялық мақсаттары шеңберінде Қор бөлімшелері алдында қойылған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету мақсатында Қор бөлімшелері қолданатын шаралардың адекваттылығын тексеру;

12) Қор басшылығына және сырттағы пайдаланушыларға ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы мен дәлдігін қамтамасыз ету мәніне Қордың ішкі бақылау рәсімін тексеру;

13) Қордың проблемалық активтерімен жұмыс істеу тәртібі мен тиімділігін тексеру;

14) Қор бөлімшелерінің бағдарламаларды, жоспарларды және мақсаттарды орындауын бағалау;

15) Қор үдерістерін тексеруді жоспарлауға сәйкес басқа да мәселелер бойынша қызметтерді орындайды.

37.1.2. Тексеру нәтижелері бойынша, соның ішінде Қордың ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдарды әзірлейді.

37.1.3. Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша есептерді өз уақытында және сапалы дайындауды, есептерді аудит объектілерімен, Қордың басқа да мүдделі бөлімшелерімен талқылауды және келісуді, Қор Басқармасының қарауына шығаруды қамтамасыз етеді.

37.1.4. Тексеру нәтижелері бойынша Қор Басқармасы қабылдаған шараларға, соның ішінде жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау шараларының Жоспарларын бекіту бөлігінде, тексеру нәтижелері бойынша шығарылған ұсынымдарға қарастырылған іс-шаралардың адекваттылығын бақылауды қамтамасыз етеді.

37.1.5. Аудиторлық тәуекелдерді төмендету және тұтас Қорды және оның беделін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару жүйелерінің сапалы және тиімді жұмыс істеуіне қатысты Директорлар кеңесіне және Қор Басқармасына тәуелсіз, дұрыс кепілдік ұсыну мақсатында қолданылатын тексеру тәсілдері мен амалдарды тұрақты бағалауды қамтамасыз етеді.

37.1.6. Жеке аудиторлық тапсырма шеңберінде тексеру материалдарын жоспарлау, жүргізу, іске асыру бойынша жұмыс құжаттамасының тиісті және өз уақытында әзірленуін қамтамасыз етеді.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 10-беті
---	---	----------------------

37.1.7. Барлық материалдардың, жұмыс құжаттарының, аудиторлық дәлелдердің және құжаттарды/ақпараттарды тексеру мәселесіне жатқызылатын басқа да құжаттардың конфиденциалдылық режимін ескере отырып, тиісті қалыптасуын, сақталуын, Қор Мұрағатында сақтау үшін құжаттардың өз уақытында өткізілуін қамтамасыз етеді.

37.1.8. Сыртқы және ішкі аудитке жатқызылуы тиіс Қордың операцияларындағы тәуекел саласын қарастырады.

37.1.9. Қордың аудиті салаларының картасын (жаһандық аудит) әзірлеу, өзекті жай-күйде ұстап тұру мақсатында Қордың негізгі тәуекелдеріне мониторинг жүргізуге және оларды мерзімдік бағалауға қатысады.

37.1.10. Есеп, қаржы, зейнетақы қызметтерін көрсету, тәуекелдерді басқару мәселелерімен байланысты Қордың Орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелері, филиалдары бойынша, үдерістері бойынша Қордың ішкі аудитінің Жылдық/орташа мерзімдік жоспарын әзірлеу кезінде жоспарлау рәсімдерін жүзеге асырады.

37.1.11. Маңызды кемшіліктерді, соның ішінде бухгалтерлік есепте немесе ішкі аудитте сыртқы аудиторлармен байқалған кемшіліктерді, уәкілетті органдардың тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктерді, сондай-ақ Қорға көрсетілген кеңес беру қызметтерінің нәтижелері бойынша тәуекелдерді/сәйкессіздіктерді қызметті үйлестіру³ бойынша стандарт шеңберінде қарастырады.

37.1.12. Есеп, қаржы, зейнетақы қызметтерін көрсету, тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша тексерулер кезінде өңірлік ішкі аудиторлармен (ӨІА) өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

37.1.13. ІАҚ қызметі туралы тоқсан сайынғы есептерді жасауға қатысады;

37.1.14. ҚАБ және ӨІА қызметіне тиесілі тәуекелдерді анықтайды, бағалайды және басқарады;

37.1.15. Ішкі бақылау және ішкі аудит жүйелерін, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін ұйымдастыру мәселелері бойынша Қордың Директорлар кеңесіне, Басқармасына, Қор бөлімшелеріне кеңес береді;

37.1.16. Директорлар кеңесінің, ІАҚ басшысының тапсырмасы бойынша басқа да қызметтерді орындайды.

37.2. Операциялық аудит басқармасы келесі қызметтерді орындайды:

37.2.1. Қордың орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің, Қор филиалдарының Қор қызметін қамтамасыз ету, корпоративтік басқару мәселелерімен байланысты қызметін, үдерістерін, соның ішінде келесі мәселелер бойынша тексеру:

1) ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару үдерістері мен рәсімдерін тексеру, олардың тиімділігін бағалау;

37.2.1 тармақтың 2) тармақшасына «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «23» қарашадағы №14 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

2) Қордың операциялары, үдерістері бойынша тәуекелдерді басқару және бағалау әдістемесінің және тәуекелдерді басқару рәсімінің (операцияларды жүзеге асыру әдістерінің, бағдарламаларының, қағидаларының, тәртіптері мен рәсімдерінің) қолдану толықтығы мен тиімділігін тексеру;

3) Қор қызметінің шеңберінде Қордың уәкілетті органға, сыртқы пайдаланушыларға өз уақытында ақпарат пен есептілікті ұсынуын, олардың дұрыстығын, толықтығын, объективтілігін тексеру;

4) Қордың ресурстарды және Қор мүлкінің сақталуын қамтамасыз ететін, қолданылатын тәсілдерді (амалдарды) қолдануының ұтымдылығы мен тиімділігін бағалау;

37.2.1 тармақтың 5) тармақшасы «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «23» қарашадағы №14 шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

³ Ішкі аудиторлар институты әзірлеген ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары (2050 стандарты)

«Бірыңғай эжинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай эжинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 11-беті
---	---	----------------------

5) зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы Әлеуметтік кодекстің және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның талаптарын сақтау мақсатында құрылған жүйелерді тексеру; «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы «28» маусымдағы №7 шешіміне сәйкес 37.2.1. тармағының б) тармақшасы алынып тасталды.

6) алынып тасталды;

7) Қордың Қазақстан Республикасының заңнамасының, халықаралық келісімдердің, Қордың ішкі құжаттарының талаптарын сақтауын, сол сияқты уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқауларының, Қор органдарының шешімдерінің орындауын тексеру және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалау;

37.2.1 тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы «29» наурыздағы №7 шешіміне сәйкес толықтырылды.

7-1) Қор қызметкерлерінің, оның ішінде Басқарма мүшелерінің инсайдерлік ақпаратқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты, этикалық талаптарды сақтауы бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының және ішкі құжаттардың ережелерін сақтауын тексеру;

8) Қордың стратегиялық мақсаттары шеңберінде Қор бөлімшелері алдында қойылған мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету мақсатында Қор бөлімшелері қолданатын шаралардың адекваттылығын тексеру;

9) Қор бөлімшелеріндегі корпоративтік басқару үдерісін жетілдіруді бағалау;

10) Қор басшылығына және сырттағы пайдаланушыларға ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы мен дәлдігін қамтамасыз ету мәніне Қордың ішкі бақылау рәсімдерін тексеру;

11) қызметті қамтамасыз ету, корпоративтік басқару мәселелерімен байланысты Қор қызметінің тәртібі мен тиімділігін тексеру;

12) Қор бөлімшелерінің бағдарламаларды, жоспарларды және мақсаттарды орындауын бағалау;

13) Қор үдерістерін тексеруді жоспарлауға сәйкес басқа да мәселелер бойынша қызметтерді орындайды.

37.2.2. Тексеру нәтижелері бойынша, соның ішінде Қор бөлімшелерінде ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдарды әзірлейді.

37.2.3. Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша есептерді өз уақытында және сапалы дайындауды, есептерді аудит объектілерімен, Қордың басқа да мүдделі бөлімшелерімен талқылауды және келісуді, Қор Басқармасының қарауына шығаруды қамтамасыз етеді.

37.2.4. Тексеру нәтижелері бойынша Қор Басқармасы қабылдаған шараларға, соның ішінде жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау шараларының Жоспарларын бекіту бөлігінде, тексеру нәтижелері бойынша шығарылған ұсынымдарға қарастырылған іс-шаралардың адекваттылығын бақылауды қамтамасыз етеді.

37.2.5. Аудиторлық тәуекелдерді төмендету және тұтас Қорды және оның беделін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған Қордың ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару жүйелерінің сапалы және тиімді жұмыс істеуіне қатысты Директорлар кеңесіне және Қор Басқармасына тәуелсіз, дұрыс кепілдік ұсыну мақсатында қолданылатын тексеру тәсілдері мен амалдарды тұрақты бағалауды қамтамасыз етеді.

37.2.6. Жеке аудиторлық тапсырма шеңберінде тексеру материалдарын жоспарлау, жүргізу, іске асыру бойынша жұмыс құжаттамасының тиісті және өз уақытында әзірленуін қамтамасыз етеді.

37.2.7. Барлық материалдардың, жұмыс құжаттарының, аудиторлық дәлелдердің және құжаттарды/ақпараттарды тексеру мәселесіне жатқызылатын басқа да құжаттардың конфиденциалдылық режимін ескере отырып, тиісті қалыптасуын, сақталуын, Қор Мұрағатында сақтау үшін құжаттардың өз уақытында өткізілуін қамтамасыз етеді.

37.2.8. Сыртқы және ішкі аудитке жатқызылуы тиіс Қор үдерістерінде, операцияларында тәуекел саласын қарастырады.

37.2.9. Қордың аудиті салаларының картасын (жаһандық аудит) әзірлеу, өзекті жай-

«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 12-беті
---	---	----------------------

күйде ұстап тұру мақсатында Қордың негізгі тәуекелдеріне мониторинг жүргізуге және оларды мерзімдік бағалауға қатысады.

37.2.10. Қордың қызметті қамтамасыз ету, корпоративтік басқару мәселелерімен байланысты үдерістері бойынша Қордың ішкі аудитінің Жылдық/орташа мерзімдік жоспарын әзірлеу кезінде жоспарлау рәсімдерін жүзеге асырады.

37.2.11. Маңызды кемшіліктерді, соның ішінде сыртқы аудиторлармен байқалған кемшіліктерді, уәкілетті органдардың тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктерді, сондай-ақ Қорға көрсетілген кеңес беру қызметтерінің нәтижелері бойынша тәуекелдерді/сәйкессіздіктерді қызметті үйлестіру⁴ бойынша стандарт шеңберінде қарастырады.

37.2.12. Қызметті қамтамасыз ету, корпоративтік басқару мәселелері бойынша тексеру кезінде өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

37.2.13. ІАҚ қызметі туралы тоқсан сайынғы есептерді жасауға қатысады;

37.2.14. ОАБ және ӨІА қызметіне тиесілі тәуекелдерді анықтайды, бағалайды және басқарады;

37.2.15. Ішкі бақылау және ішкі аудит жүйелерін, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін ұйымдастыру мәселелері бойынша Қордың Директорлар кеңесіне, Басқармасына, бөлімшелеріне кеңес береді;

37.2.16. Директорлар кеңесінің, ІАҚ басшысының тапсырмасы бойынша басқа да қызметтерді орындайды.

37.3. Ақпараттық аудит бөлімі келесі қызметтерді орындайды:

37.3.1. Қордың орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінің, Қор филиалдарының АТ/АҚ бөлігінде қызметін, үдерістерін, соның ішінде келесі мәселелер бойынша тексеру:

1) АТ/АҚ бөлігінде ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару үдерістері мен рәсімдерін тексеру, олардың тиімділігін бағалау;

37.3.1 тармақтың 2) тармақшасына «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «23» қарашадағы №14 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

2) АТ/АҚ бөлігінде тәуекелдерді басқару және бағалау әдістемесінің және тәуекелдерді басқару рәсімінің (операцияларды жүзеге асыру әдістерінің, бағдарламаларының, қағидаларының, тәртіптері мен рәсімдерінің) қолдану толықтығы мен тиімділігін тексеру;

3) дерекқорлардың тұтастығын және оларды рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды бақылауды қоса алғанда, автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің жұмыс істеу тиімділігін, күтпеген мән-жайлар туындаған жағдайда іс-қимыл жоспарларының болуын тексеру;

4) Қорда ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау саясатының сақталуын тексеру;

5) Қордың ресурстарды және Қордың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, қолданылатын тәсілдерді (амалдарды) қолдануының ұтымдылығы мен тиімділігін бағалау;

37.3.1 тармақтың 6) тармақшасы «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «23» қарашадағы №14 шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

6) зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы Әлеуметтік кодекстің және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның талаптарын сақтау мақсатында құрылған жүйелерді тексеру;

7) Қордың Қазақстан Республикасының заңнамасының, халықаралық келісімдердің, Қордың ішкі құжаттарының талаптарын сақтауын, сол сияқты уәкілетті және қадағалау органдарының нұсқауларының, Қор органдарының шешімдерінің орындауын тексеру және осы талаптарды сақтау мақсатында құрылған жүйелерді бағалау;

8) Қордың стратегиялық мақсаттары шеңберінде Қор бөлімшелері алдында қойылған

⁴ Ішкі аудиторлар институты әзірлеген ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары (2050 стандарты)

«Бірыңғай эсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай эсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 13-беті
---	---	----------------------

мақсаттарға жетуді қамтамасыз ету мақсатында Қор бөлімшелері қолданатын шаралардың адекваттылығын тексеру;

9) Қор басшылығына және сырттағы пайдаланушыларға ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы мен дәлдігін қамтамасыз ету мәніне АТ/АҚ бөлігінде Қордың ішкі бақылау рәсімдерін тексеру;

10) Қор бөлімшелерінің АТ/АҚ бөлігінде бағдарламаларды, жоспарларды және мақсаттарды орындауын бағалау;

11) АТ/АҚ бөлігінде Қор үдерістерін тексеруді жоспарлауға сәйкес басқа да мәселелер бойынша қызметтерді орындайды.

37.3.2. Тексеру нәтижелері бойынша, соның ішінде Қордың ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдарды эзірлейді.

37.3.3. Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша есептерді өз уақытында және сапалы дайындауды, есептерді аудит объектілерімен, Қордың басқа да мүдделі бөлімшелерімен талқылауды және келісуді, Қор Басқармасының қарауына шығаруды қамтамасыз етеді.

37.3.4. Тексеру нәтижелері бойынша Қор Басқармасы қабылдаған шараларға, соның ішінде жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау шараларының Жоспарларын бекіту бөлігінде, тексеру нәтижелері бойынша шығарылған ұсынымдарға қарастырылған іс-шаралардың адекваттылығын бақылауды қамтамасыз етеді.

37.3.5. Аудиторлық тәуекелдерді төмендету және тұтас Қорды және оның беделін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған Қордың ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару жүйелерінің сапалы және тиімді жұмыс істеуіне қатысты Директорлар кеңесіне және Қор Басқармасына тәуелсіз, дұрыс кепілдік ұсыну мақсатында қолданылатын тексеру тәсілдері мен амалдарды тұрақты бағалауды қамтамасыз етеді.

37.3.6. Жеке аудиторлық тапсырма шеңберінде тексеру материалдарын жоспарлау, жүргізу, іске асыру бойынша жұмыс құжаттамасының тиісті және өз уақытында эзірленуін қамтамасыз етеді.

37.3.7. Барлық материалдардың, жұмыс құжаттарының, аудиторлық дәлелдердің және құжаттарды/ақпараттарды тексеру мәселесіне жатқызылатын басқа да құжаттардың конфиденциалдылық режимін ескере отырып, тиісті қалыптасуын, сақталуын, Қор Мұрағатында сақтау үшін құжаттардың өз уақытында өткізілуін қамтамасыз етеді.

37.3.8. Сыртқы және ішкі аудитке жатқызылуы тиіс Қор үдерістерінде, операцияларында тәуекел саласын қарастырады.

37.3.9. Қордың аудиті салаларының картасын (жаһандық аудит) эзірлеу, өзекті жай-күйде ұстап тұру мақсатында Қордың негізгі тәуекелдеріне мониторинг жүргізуге және оларды мерзімдік бағалауға қатысады.

37.3.10. АТ/АҚ мәселелері бойынша Қордың ішкі аудитінің Жылдық/орташа мерзімдік жоспарын эзірлеу кезінде жоспарлау рәсімдерін жүзеге асырады.

37.3.11. Маңызды кемшіліктерді, соның ішінде сыртқы аудиторлармен байқалған кемшіліктерді, уәкілетті органдардың тексеру нәтижелері бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктерді, сондай-ақ Қорға көрсетілген кеңес беру қызметтерінің нәтижелері бойынша тәуекелдерді/сәйкессіздіктерді қызметті үйлестіру⁵ бойынша стандарт шеңберінде қарастырады.

37.3.12. АТ/АҚ мәселелері бойынша ӨІА-мен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

37.3.13. ІАҚ қызметі туралы тоқсан сайынғы есептерді жасауға қатысады;

37.3.14. ААБ және ӨІА қызметіне тиесілі тәуекелдерді анықтайды, бағалайды және басқарады;

37.3.15. Ішкі бақылау және ішкі аудит жүйелерін, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін ұйымдастыру мәселелері бойынша Қор басшылығына,

⁵ Ішкі аудиторлар институты эзірлеген ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары (2050 стандарты)

«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 14-беті
---	---	----------------------

филилдарының бөлімшелеріне кеңес береді;

37.3.16. Директорлар кеңесінің, ІАҚ басшысының тапсырмасы бойынша басқа да қызметтерді орындайды.

37.4. Мониторинг және аудит әдістемесі бөлімі келесі қызметтерді орындайды:

1) Қордың ІАҚ, сыртқы аудитордың ұсынымдарын, мемлекеттік органдардың ықпал ету шараларын және өзге де талаптарын орындауына, Қор Басқармасына, Қордың Директорлар кеңесіне (қажет болғанда) ІАҚ тексерулерінің нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындауға қатысты шараларды орындау нәтижелері бойынша есептерді сапалы және өз уақытында дайындауына сапалы және өз уақытында мониторинг жүргізеді;

2) Қор бөлімшелері мен органдарының Қордың үдерістерін тексеру нәтижелері бойынша қабылдаған, байқалған тәуекелдердің деңгейін төмендетуді немесе Қор Басқармасының және (немесе) Қордың Директорлар кеңесінің байқалған тәуекелдердің Қор үшін қабылдануға болатындығы туралы шешім қабылдауларын құжаттандыруды қамтамасыз ететін шараларының тиімділігін бақылауды жүзеге асырады;

3) Қордың ішкі аудиті әдістемесін әзірлеу, жетілдіру мақсатында, соның ішінде аудиторлық тәуекелдерді төмендету мақсатында ІАҚ қызметіне талдау жасайды, қажет болғанда Қор үдерістерін тексеруге қатысады;

4) ІАҚ қызметіне әрі қарай енгізу үшін ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарындағы үздік тәжірибелерге және өзгерістерге талдау жасайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасының және КТХН талаптарына сәйкес Қордың ішкі аудитінің мәселелері бойынша ішкі құжаттарын өз уақытында, сапалы және толық дайындалуын жүзеге асырады;

6) Қордың ішкі аудит мәселелері бойынша, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына және КТХН-ға сәйкестілігіне ішкі құжаттардың өзектілігіне талдау жасайды, оларға өзгерістер мен толықтыруларды өз уақытында және сапалы дайындауды жүзеге асырады;

7) КТХН-ға сай ІАҚ қызметінің сапасын қамтамасыз ету және көтеру бағдарламаларын әзірлейді;

8) Қор үдерістерінің тәуекелдерін бағалауды, мерзімдік негізде тәуекелдерге мониторинг жүргізуді және тәуекелдерді бағалау негізінде аудит салалары (жаһандық аудит) картасын әзірлеуді, аудит салалары картасының өзектілігіне мониторинг жүргізуді және қамтамасыз етуді жүргізеді;

9) Қордың ішкі аудитінің Жылдық/орташа мерзімдік жоспарын әзірлеу кезінде жоспарлау рәсімін үйлестіреді;

10) жаңа қызметті енгізген кезде Қор қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің сақталуымен байланысты Қордың қосымша тәуекелдерінің туындау мүмкіндігін бағалау мақсатында жаңа қызметтерді енгізу туралы мәселелерді талқылауға қатысады;

37.4 тармағының 11) тармақшасы «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы «28» маусымдағы №7 шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

11) ІАҚ басқа жұмыстарын, соның ішінде әдістеме, мониторинг, есептілік бойынша жоспарлауды өз уақытында және сапалы жүзеге асырады;

12) Қордың Директорлар кеңесі үшін ІАҚ қызметі туралы есептілікті өз уақытында және сапалы дайындайды;

13) ІАҚ қызметкерлерін ішкі оқытуды, соның ішінде КТХН тәжірибелік қолдану бойынша оқытуды ұйымдастырады, ІАҚ қызметкерлерін сырттай оқыту бойынша ұсыныстар дайындайды.

14) Бөлім қызметіне, сол сияқты ІАҚ-қа тұтас тиесілі тәуекелдерді анықтайды, бағалайды және басқарады;

15) Қордың ішкі аудитінің өзін-өзі бағалау рәсімдерінің шеңберінде ҚАБ, ОАБ, ААБ және ӨІА-ның аудиторлық тексерулердің материалдарын жоспарлау, жүргізу, іске асыру рәсімдеріне қатысты белгіленген талаптарды, қызмет стандарттарының талаптарын сақтауына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 15-беті
---	---	----------------------

16) Аудиторлық комитеттің және Қордың Директорлар кеңесінің отырыстарында қарастыру үшін ІАҚ қызметіне қатысты мәселелер бойынша материалдарды өз уақытында және сапалы дайындайды;

17) Қордың ішкі аудиті мәселелері бойынша консалтингтік қызметтерді жүргізуге шығыстардың және ІАҚ қызметіне қатысты басқа да шығыстардың негізделген болжамын дайындайды, сондай-ақ аталған шығыстардың орындалуына талдау жүргізеді;

18) ішкі аудит мәселелері бойынша консалтингтік қызметтерді сатып алу бойынша техникалық ерекшеліктерді әзірлейді;

19) ішкі бақылау және ішкі аудит жүйелерін, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін ұйымдастыру мәселелері бойынша Қордың Директорлар кеңесіне, Басқармасына, бөлімшелеріне кеңес береді;

20) Директорлар кеңесінің, ІАҚ басшысының тапсырмалары бойынша басқа да қызметтерді орындайды.

37.5. Өңірлік ішкі аудиторлар:

1) зейнетақы жинақтарының төлемдері мен аударымдарына, зейнетақы істерін қалыптастыруға мониторингті жоспарлау мен жүргізуді қамтамасыз етеді;

2) Қордың филиалдарындағы үдерістер бөлігінде ІАД-ның тексерулеріне қатысады;

3) зейнетақы жинақтарының төлемдері мен аударымдарына, зейнетақы істерін қалыптастыруға мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша, оның ішінде Қордың ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейді;

37.5 тармағының 4) тармақшасы «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы «28» маусымдағы №7 шешіміне сәйкес толықтырылды.

4) зейнетқы жинақтарының төлемі мен аударымдарына, зейнетақы істерінің қалыптастырылуына жүргізілген мониторингтің нәтижелері бойынша есептерді өз уақытында және сапалы дайындауды, есептерді аудит объектілерімен, Қордың басқа да мүдделі бөлімшелерімен, Қор филиалының басшылығымен талқылауды және келісуді, **ҚАБ бастығына**, ІАҚ басшысының/басшысының орынбасарының қарауына мониторинг материалдарын жолдауды қамтамасыз етеді.

5) Зейнетқы жинақтарының төлемі мен аударымдарына, зейнетақы істерін қалыптастыруға жүргізілген мониторингтің нәтижелері бойынша қабылданған шараларға, соның ішінде мониторинг нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау шараларының Жоспарларын бекіту бөлігінде, шығарылған ұсынымдарға қарастырылған іс-шаралардың адекваттылығын бақылауды, сондай-ақ аталған іс-шаралардың орындалуына мониторингті қамтамасыз етеді.

6) жұмыс құжаттамасын уақтылы және сапалы жасайды, оларды аудиторлық тексеру басшысына ұсына отырып, тексерілген мәселелер бойынша аудиторлық дәлелдерді жинауды жүзеге асырады;

7) мониторинг материалдарын жоспарлау, жүргізу, іске асыру жөніндегі жұмыс құжаттамасын тиісінше және уақтылы әзірлеуді, сондай-ақ ІАД тексерулеріне қатысу кезінде қамтамасыз етеді;

8) Барлық материалдардың, жұмыс құжаттарының, аудиторлық дәлелдердің және құжаттарды/ақпараттарды тексеру/мониторингілеу мәселесіне жатқызылатын басқа да құжаттардың конфиденциалдылық режимін ескере отырып, тиісті қалыптасуын, сақталуын, Қор Мұрағатында сақтау үшін құжаттардың өз уақытында өткізілуін қамтамасыз етеді;

9) Ішкі аудитке жатқызылуы тиіс Қор үдерістерінде, операцияларында тәуекел саласын қарастыруға қатысады;

10) тоқсан сайынғы негізде, сондай-ақ ІАҚ басшысының/басшысы орынбасарының талап етуі бойынша өз қызметі және Қор үдерістерін тексеру/мониторингілеу нәтижелері туралы есептерді өзге мерзімдік негізде ұсынады;

11) Өздерінің қызметіне тиесілі тәуекелдерді анықтайды, бағалайды және басқарады;

«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 16-беті
---	---	----------------------

12) Ішкі бақылау және ішкі аудит жүйелерін, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін ұйымдастыру мәселелері бойынша Қордың басшылығына, филиалдарының бөлімшелеріне кеңес береді;

13) ІАҚ басшысының тапсырмасы бойынша басқа да қызметтерді орындайды;

38. Қызметтің Консультативтік қызметі қосымша болып табылады, ол негізгі міндеттерді орындауға кедергі келтірмеуі тиіс немесе Қызметтің жауапкершілігімен және тәуелсіздігімен шиеленіспеуі тиіс.

38-1 тармақпен «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы «29» наурыздағы №7 шешіміне сәйкес толықтырылды.

38-1) Қызмет өз функцияларын іске асыру кезінде ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына (2050 стандарт) сәйкес тексерулерді жүзеге асыратын және консультациялық қызметтер көрсететін басқа тараптармен олардың жұмыс нәтижелерін пайдалану мүмкіндігі мақсатында қызметті үйлестіруді жүзеге асырады.

6-тарау. ІАҚ құқықтары

39. Негізгі міндеттерді және өз қызметін іске асыру үшін Қызмет:

1) Қордың кез келген қызметкеріне кедергісіз баруына, Қордың кез келген бөлімшесінің немесе лауазымдық тұлғасының қызметін тексеруге, сол сияқты барлық құжаттамаларға және кез келген ақпаратқа қол жеткізуге, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын коммерциялық, қызметтік және басқа да құпияны қамтитын Қордың мәліметтері мен ақпаратына қол жеткізуге;

2) есептілікке алу деректерінің (бухгалтерлік есептің компьютерлік бағдарламалары және т.б.) ақпараттық қорына тұрақты негізде пассив режимде, түзету және жүйеге енгізу құқығынсыз кедергісіз кіруге;

3) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Қор Басқармасының бекітуіне шығарылатын Қордың аталған органының, сол сияқты филиалдарының материалдарын, соның ішінде құжат жобаларын, барлық бұйрықтарын/хаттамаларын сұратуға және алуға, сол сияқты Қор органдарының консультативтік және қабылданған шешімдерінің хаттамаларын алуға;

4) ішкі аудит саласында кез келген қызметтің аутсорсинг/ко-сорсинг қызметтерін тартқан жағдайда Қордың ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте Қызметтің іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жеке аудиторлық тапсырмаларды орындау үшін Қор бөлімшелерінің қызметкерлерін, сол сияқты белгіленген тәртіпте басқа да тұлғаларды тартуға;

5) Қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қордың Жалғыз акционеріне, Қордың басқа да органдарына, сыртқы аудиторларға, Қор бөлімшелеріне кеңес беруге;

6) ішкі аудиттің рәсімдері мен тәсілдерін жетілдіру, бақылау жүйесін және Қордың басқарушылық саясатын өзгерту бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар енгізуге;

7) Қызмет жұмысының бағыттары бойынша Қордың бағдарламалары мен жобаларын дайындауға және іске асыруға қатысуға;

8) Қор қызметкерлерін оқытуға, қайта дайындауға, біліктілігін көтеруге бағытталған бағдарламаларға және ішкі аудиторларды сертификациялау бағдарламаларына қатысуға;

9) Қызметпен алынған деректер мен бағалар туралы баяндауға және осы ақпаратты Қор ішінде ашуға;

10) Қордың ішкі құжаттарына сәйкес ІАҚ қызметкерлерін еңбек жағдайларымен қамтамасыз етуге және жұмыс орнының техникалық жарақталуына;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың Жарғысына, осы Ережеге және Қордың ішкі құжаттарына қайшы келмейтін басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

7-тарау. Директорлар кеңесіне ақпаратты ұсыну

40. Қызмет Директорлар кеңесіне, Аудиторлық комитетке:

«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 17-беті
---	---	----------------------

1) Қолда бар кемшіліктер туралы тұжырымдарды және Қор қызметін жақсарту туралы ұсынымдарды қамтыған тексеру нәтижелері бойынша есептерді – тоқсан сайынғы негізде, сол сияқты есептерді дайындауына қарай Қызмет жүргізген тексеру нәтижелері бойынша Қор Басқармасы қабылдаған шаралар туралы ақпаратты ұсынады. Тексеру нәтижелері бойынша сындарлы, маңызды тәуекелдер мен бақылау мәселесі және Басқарма тарапынан, Қордың Директорлар кеңесі тарапынан талап етілетін іс-әрекеттердің қауырттылығы байқалған жағдайда мұндай ақпарат есептердің дайындалуына қарай не болмаса ІАҚ басшысының қарауына қарай анағұрлым шұғыл түрде Басқарманың, Қордың Директорлар кеңесінің назарына жеткізіледі;

40-тармақтың 2) тармақшасына «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы «28» маусымдағы №7 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

2) ІАҚ тексерулерінен басқа жұмыстарының орындалуы туралы ақпаратты қамтыған ІАҚ қызметі туралы есептерді – тоқсан сайынғы негізде, жыл қорытындысы бойынша, сол сияқты Қордың Директорлар кеңесінің талабы бойынша басқа кезеңділікте ұсынады;

3) ішкі бағалаудың (өзін-өзі бағалау) нәтижелері бойынша Қордың ішкі аудитінің тиімділігін және сапасын бағалау бойынша ақпаратты – жылына кемінде 1 рет, сыртқы бағалау нәтижелері бойынша – бес жылда кемінде 1 рет сыртқы аудитормен ұсынады;

4) осы Ережемен, Қордың ішкі аудиті бойынша басқа ішкі құжаттармен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа ақпаратты ұсынады;

5) Директорлар кеңесінің, Аудиторлық комитеттің талабы бойынша Қордың ішкі аудиті бойынша кез келген басқа ақпаратты ұсынады.

41. Қордың Директорлар кеңесі, Аудиторлық комитет Қызметтің есептерін қарастырады, соның ішінде Қызметпен байқалған бұзушылықтардың әрі қарай Қор қызметіне таралуына жол бермеу шараларын қабылдайды және Директорлар кеңесінің, Аудиторлық комитеттің жұмысының белгіленген регламентіне сәйкес шешімдер қабылдайды.

8-тарау. ІАҚ-тың Басқармамен өзара әрекеттесуі

42. Қызметтің Басқармамен қатынасы тәуелсіздік қағидатына қатысты құрылуы тиіс, өйткені Қызметтің ұйымдастырушылық және қызметтік тәуелсіздігінің деңгейі ішкі аудиторлардың объективтілігіне тікелей ықпалын тигізеді.

43-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы «28» маусымдағы №7 шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

43. Өзара әрекеттесу шеңберінде Қызмет Басқармаға:

1) хабарландыру мақсатында Директорлар кеңесімен бекітілген Қордың ішкі аудитінің жылдық/орташа мерзімдік жоспарын және аудиттің салалық картасын ұсынады;

2) қолда бар кемшіліктер туралы тұжырымдар мен Қор қызметін жақсарту бойынша ұсынымдарды қамтыған тексеру нәтижелері бойынша есептерді дайындалуына қарай ұсынады;

3) бақылауды жүзеге асыру және тиісті шараларды (қажеттілігіне қарай) қабылдау мақсатында ішкі аудиттің нәтижелері бойынша байқалған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын Қордың құрылымдық бөлімшелерінің орындауына мониторинг жүргізу нәтижелері туралы ақпаратты – Қордың ішкі құжаттарымен белгіленген нысан бойынша тоқсанға кемінде бір рет ұсынады.

44. Қордың Басқармасы ІАҚ есептерін қарастырады және ІАҚ тексеру нәтижелері бойынша түзетуші/ескертуші шараларды қабылдайды, жұмыстың белгіленген регламентіне сәйкес шешімдер қабылдайды.

45. Қор Басқармасы ІАҚ ұсынымдарын орындауға жедел бақылауды жүзеге асырады және жедел бақылаудың нәтижелері туралы Қордың Директорлар кеңесіне тоқсанға кемінде бір рет есеп береді.

46. Қор Басқармасының Төрағасы:

1) Қорда ішкі аудиттің тиімді ортасын құруға ықпал етеді;

«Бірыңғай жынақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жынақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 18-беті
--	--	----------------------

2) Қызмет жүргізген тексеру нәтижелері бойынша Іс-шаралар жоспарын бекітуді және олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

3) Қызметке өзінің миссияларын, міндеттерін, қызметтерін және міндеттемелерін орындауына, соның ішінде ІАҚ әкімшіліктік (ұйымдастырушылық-техникалық) қамтамасыз етуге, ІАҚ құқықтарының іске асуына ықпалын тигізеді;

4) Ішкі аудит бойынша Қордың ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын, ІАҚ ұйымдастырушылық құрылымының жобаларын, ІАҚ штаттық кестесін, Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын басқа да құжаттардың жобаларын қарастырады және қол қояды;

5) Белгіленген тәртіпте профильдік тақырыптар және ішкі аудитке қатысты бағдарламалар бойынша оқытумен және тренингтермен байланысты шығындарды Қордың бюджетіне қосуды қамтамасыз етеді;

6) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша белгіленген тәртіпте ішкі аудит саласында кез келген қызметтің аутсорсинг/ко-сорсинг қызметін пайдалануды қамтамасыз етеді.

9-тарау. ІАҚ-ның Қор бөлімшелерімен өзара әрекеттесуі

47. Қызметтің Қордың бөлімшелерімен өзара әрекеттесуі іскерлік және сенімді ынтымақтастықтың, өзара сыпайылықтың және жұмыстың орындылығы негізінде құрылады.

48. Қор бөлімшелерінің қызметкерлері Қызметтің өз міндеттерін, қызметтерін, міндеттемелерін жүзеге асыруда, құқықтарының іске асырылуына Қызметке ықпалын тигізуге міндетті, соның ішінде келесі қызметтерде де ықпалын тигізуі тиіс, бірақ мұнымен шектелмейді:

1) ІАҚ тексеруіне қажетті, сол сияқты басқа да міндеттері мен қызметтерін іске асыруына қажетті барлық ақпаратты, құжаттарды, рұқсаттарды жедел ұсынуда;

2) тексеру барысында байқалған фактілерді, осындай фактілердің туындау себептерін шынайы және жедел талқылауда;

3) қажет болғанда туындаған мәселелерді бірлесе шешуде,

4) жазбаша түсіндірмелерді ұсынуда;

5) тексеру нәтижелері бойынша ІАҚ ұсынымдарын орындауға қатысты іс-шаралар жоспарын ұсынуда ықпалын тигізеді.

49. Қордың қызметкерлері күмән тудыратын операциялар не болмаса мәмілелер туралы, күдікті операциялар, не болмаса құқыққа қайшы қызметпен немесе Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған қандай да бір нормалардың орындалмауымен/бұзылуымен байланысты операциялар туралы Қызметке хабарлауға міндетті.

50. Негізгі міндеттері тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару болып табылатын Қор бөлімшелері есептік айда іске асырылған тәуекелдер туралы, есептік айдың күмән тудыратын операциялары не болмаса мәмілелері, күдікті операциялар, не болмаса құқыққа қайшы қызметпен немесе Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған қандай да бір нормалардың орындалмауымен/бұзылуымен байланысты операциялар туралы, жүргізілген тексерулер, корпоративтік оқиғалар туралы ІАҚ-ға хабарлауға міндетті.

10-тарау. ІАҚ басшысының құқықтары мен міндеттері

51. ІАҚ басшысы осы Ереженің 6-тарауымен қарастырылған құқықтардан басқа:

1) Қордың Директорлар кеңесінің, Аудиторлық комитеттің ішкі аудит қызметіне қатысты мәселелер қарастырылатын мәжілістеріне қатысуға немесе Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасының, Аудиторлық комитеттің Төрағасының шақыруымен қатысуға;

2) дауыс беру құқығынсыз Қор Басқармасының кез келген мәжілістерінде болуға;

3) Қордың алқалы органының мәжілістерінде болуға (дауыс беру құқығынсыз);

«Бірыңғай эсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай эсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 19-беті
---	---	----------------------

4) тікелей және меншікті бастамасы бойынша Қордың Директорлар кеңесімен, Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасымен, Аудиторлық комитеттің Төрағасымен, сыртқы аудиторлармен өзара әрекеттесуге;

5) Қызмет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қордың Директорлар кеңесінің, Аудиторлық комитеттің мәжілістерін шақыруға бастамашылық жасауға;

6) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және еңбек шартымен қарастырылған өзге де құқықтарды іске асыруға құқылы.

52. ІАҚ басшысы келесі міндеттемелерді орындайды:

1) Қызмет жұмысына басшылық жасайды;

2) Қызметтің жұмысын ұйымдастыруды, сол сияқты Қызметке жүктелген міндеттер мен қызметтерді Қызмет туралы ережеге сәйкес орындауды қамтамасыз етеді;

3) Қызмет құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды;

4) Қор тәуекелдерінің талдауына негізделген Қордың ішкі аудитінің Жылдық/орташа мерзімдік жоспарын құруды және оның орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Аудит және оларды мерзімдік жаңарту мақсатында тәуекелдерді бағалау әдістемесінің қағидаттарының болуын қамтамасыз етеді;

6) аудит мақсатында Қор қызметіндегі жаңа бағыттарды ескере отырып, ішкі бақылау жүйесіндегі немесе жұмыс үдерісіндегі өзгерістерді көрсете отырып, тәуекелдерді бағалауды жазбаша тіркеуді және тұрақты жаңартуды қамтамасыз етеді;

7) ішкі аудит бойынша Қордың ішкі құжаттарын және әдістемелік ұсынымдарын және Қызмет жұмысына қатысты басқа құжаттардың әзірленуін, сол сияқты олардың жаңартылуын қамтамасыз етеді;

8) КТХН-ға сәйкес ішкі аудиттің бірыңғай базалық қағидаттары мен рәсімдерін Қызмет жұмысында қолдануды қамтамасыз етеді;

9) Директорлар кеңесіне тексеру нәтижелерімен бірге Қордың ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің жай-күйін объективті бағалауды және оларды жетілдіру бойынша ұсынымдарды ұсына отырып, Қызмет жұмысы туралы есептерді ұсынуды қамтамасыз етеді;

10) мақсаттарға жету үшін Қызметтің функциялары мен міндеттерінің өзектілігін мерзімдік бағалауды жүзеге асырады және қажет болғанда Қызмет туралы ережені жаңартады, соның ішінде Қызметтің өз алдына қойған мақсаттарына тиімді жетуі үшін Директорлар кеңесінің, Аудиторлық комитеттің ұсыныстары бойынша жаңартады.

52-тармақтың 11) тармақшасы «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы «29» наурыздағы №7 шешіміне сәйкес толықтырылды.

11) Директорлар кеңесіне Қордың ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен қызметтің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Қызмет қызметкерлерін тағайындау/ауыстыру, сол сияқты өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Қызмет қызметкерлерін ынталандыру және жазаға тарту бойынша, Қызмет жұмысының тәртібі, Қызмет қызметкерлерінің еңбекақысының және сыйлықақысының мөлшері мен талаптары, Қызметтің ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етілуі туралы ұсыныстар енгізеді;

12) Қызмет құрылымына кіретін бөлімшелердің басшыларының, Қызмет құрылымына кіретін ӨІА-ның жұмыстарын тоқсан қорытындысы бойынша жұмыстарының нәтижелері бойынша бағалауды жүзеге асырады;

13) Қызметтің қызметкерлерінің кәсіби дайындық деңгейін көтеру бойынша іс-шараларды қабылдайды;

14) мүдделер қақтығысының туындауына жол бермеу, сол сияқты аудиторлардың жұмыс тәжірибесімен алмасуын және біліктілігін көтеруін қамтамасыз ету мақсатында Қызмет қызметкерлерінің міндеттерін мерзімдік немесе мақсатқа сәйкестілігіне қарай алмастыруын қамтамасыз етеді;

15) жұмыста құпиялылық пен конфиденциалдылықтың тиісті деңгейін қамтамасыз етеді;

16) ішкі аудиттің стандарттарын сақтауын қамтамасыз етеді;

«Бірыңғай жынақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жынақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 20-беті
--	--	----------------------

17) Қызмет жұмысының сапасын бақылауды қамтамасыз етеді;
18) Қызмет жұмысына тиесілі тәуекелдерді анықтайды, бағалайды және басқарады;
19) Ішкі бақылау және ішкі аудит жүйелерін, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін ұйымдастыру мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне, Басқармаға, Қор бөлімшелеріне кеңес береді;

20) Қызмет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғалардың, мемлекеттік органдардың хаттары мен басқа да жүгінулерін қарастырып, солар бойынша тиісті түсіндірмелерді дайындауды қамтамасыз етеді;

21) жұмыстан босаған кезде есеп беруге тиесілі, өзінде жатқан істер мен материалдық құндылықтарды жалпыға белгіленген тәртіпте өткізеді.

22) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың ішкі нормативтік құжаттарына, Жалғыз акционердің шешімдеріне, Қордың Директорлар кеңесінің хаттамаларына сәйкес Қызмет құзыретіне кіретін мәселелер бойынша басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

52-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «23» қарашадағы №14 шешіміне сәйкес толықтырылды.

22-1) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, дербес деректерді қорғау, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияларды қорғау мәселелері бойынша заңнамасының және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтайды;

22-2) Қызмет қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, дербес деректерді қорғау, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияларды қорғау мәселелері бойынша заңнамасының және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындауын бақылайды;

23) еңбек шартында қарастырылған өзге де міндеттерді орындайды.

11-тарау. ІАҚ басшысының біліктілігіне қойылатын талаптар

53. ІАҚ басшысының лауазымына:

1) жоғары экономикалық білімі бар;

53-тармақтың 2) тармақшасына «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «23» қарашадағы №14 шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

2) басқарушылық лауазымда кем дегенде бес жыл болатын жұмыс тәжірибесін қоса алғанда, аудит немесе бухгалтерлік есеп немесе қаржы саласында қаржы қызметтерін ұсыну немесе реттеу бойынша ұйымдарда және/немесе аудиторлық ұйымдарда жұмыс тәжірибесі – кем дегенде жеті жыл болатын тұлға тағайындалады;

3) аудит саласында сертификациясының немесе машықтанған бухгалтердің ACCA (Association of Certified Chartered Accountants) сертификаты, және/немесе DipIFR ACCA (Diplom in International Financial Reporting) дипломының немесе халықаралық кәсіби бухгалтердің CIPA (Certified International Professional Accountants сертификатының немесе Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Заңына сәйкес кәсіби бухгалтердің сертификатының болуы міндетті.

4) мемлекеттік тілді білгені дұрыс болады.

Кей жағдайларда Қордың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша осы лауазымға тағайындалу үшін қажетті жұмыс тәжірибесі мен өтілі көрсетілген мерзімнен азайтылуы да мүмкін.

54. ІАҚ басшысы:

54-тармақтың 1) тармақшасы «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «23» қарашадағы №14 шешіміне сәйкес редакцияда баяндалды.

1) Қазақстан Республикасы Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Бағалы қағаздар рыногы туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарын, өзіне

«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жсинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 21-беті
---	---	----------------------

жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін білуі тиіс;

2) Ішкі аудиторлар институты әзірлеген қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын және ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарын, корпоративтік басқару негіздерін білуі тиіс.

54-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «23» қарашадағы №14 шешіміне сәйкес толықтырылды.

3) Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын және Қордың Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын білуі тиіс.

55. ІАҚ басшысы компьютерде және басқа кеңсе техникасымен, Microsoft Office (Word, Excel), Outlook, E-mail, Internet бағдарламаларымен жұмыс істей білуі тиіс.

56. Ішкі аудит қызметіне заңмен белгіленген тәртіпте экономикалық қызмет саласында жасаған қылмысы үшін, сол сияқты жемқорлық қылмысы үшін сотталушылығы алынбаған немесе өтелмеген тұлғаны тағайындауға тыйым салынады.

12-тарау. ІАҚ жауапкершілігі

57. Қызмет өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтерді тиісті орындамағаны не болмаса орындамағаны үшін жауапты болады.

58. Қызметтің басшысы:

1) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және еңбек шартымен айқындалған шекте осы Ережемен, Қордың нормативтік ішкі құжаттарымен қарастырылған лауазымдық міндеттерін тиісті орындамағаны немесе орындамағаны үшін;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасымен айқындалған шекте өз қызметін жүзеге асыру үдерісінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін;

3) Қазақстан Республикасының еңбек және азаматтық заңнамаларымен айқындалған шекте Қорға материалдық залал келтіргені үшін;

58-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «23» қарашадағы №14 шешіміне сәйкес толықтырылды.

4) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, дербес деректерді қорғау, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияларды қорғау мәселелері бойынша заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын бұзғаны үшін;

5) Қордың конфиденциалды ақпаратын немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, өзіне сеніп тапсырылған немесе жұмыс бабымен белгілі болған мәліметтерді жеке мақсатта заңсыз пайдаланғаны үшін дербес жауапты болады.

59. Қызметтің қызметкерлері белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және еңбек шартымен айқындалған шекте Қызмет құрылымына кіретін бағынышты бөлімшелер және ӨІА аясында осы Ережемен, лауазымдық нұсқаулықтармен қарастырылған міндеттер мен қызметтерді, Қордың нормативтік ішкі құжаттарының талаптарын тиісті орындамағаны немесе орындамағаны үшін;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасымен айқындалған шекте өз қызметін жүзеге асыру үдерісінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін;

3) Қазақстан Республикасының еңбек және азаматтық заңнамаларымен айқындалған шекте Қорға материалдық залал келтіргені үшін;

59-тармақ «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «23» қарашадағы №14 шешіміне сәйкес толықтырылды.

4) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, дербес деректерді қорғау, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияларды қорғау мәселелері бойынша заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын бұзғаны үшін;»;

<i>«Бірыңғай эжинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ</i>	<i>«Бірыңғай эжинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже</i>	<i>24 беттен 22-беті</i>
---	---	------------------------------

5) Қордың конфиденциалды ақпаратын немесе заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, өзіне сеніп тапсырылған немесе жұмыс бабымен белгілі болған мәліметтерді жеке мақсатта заңсыз пайдаланғаны үшін дербес жауапты болады.

60. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері жұмыста конфиденциалдылық режимін сақтамағаны үшін дербес жауапты болады.

13-тарау. Жаза қолдану

61. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін Қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне жалпыға белгіленген тәртіпте тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

62. Жүктелген міндеттер мен қызметтерді, лауазымдық міндеттерін тиісті орындамағаны немесе орындамағаны үшін Қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне Директорлар кеңесінің шешімі бойынша белгіленген тәртіпте тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.

63. Қызмет басшысы мен қызметкерлерінің материалдық жауапкершілігі және өздері келтірген залалды (мұндай болған жағдайда) өтеу тәртібі, сол сияқты тәртіптік жазаны қолдану бойынша рәсімдер Қазақстан Республикасы заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Қорытынды ережелер

64. Ереженің талаптарын ІАҚ барлық қызметкерлерінің, сол сияқты ІАҚ-мен өзара әрекеттесу кезінде Қор басшылығының және қызметкерлерінің орындауы міндетті.

65. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Директорлар кеңесінің шешімімен, соның ішінде Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Аудиторлық комитеттің, ІАҚ басшысының бастамасымен енгізілуі мүмкін.

66. Осы Ережемен қарастырылмаған қалған барлық мәселелер бойынша осы Ереженің нормаларына немесе ІАҚ ұйымдастырушылық мәртебесіне қайшы келмейтін бөлігінде ІАҚ қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын, ішкі аудит бойынша Қордың ішкі құжаттарын, сол сияқты Қордың басқа ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

Басқарма Төрағасы

Ж. Курманов

ІАҚ директоры

А. Кошербаева

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже	24 беттен 23-беті
---	---	----------------------

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
Ішкі аудит қызметі туралы ережені
келісу парағы**

Лауазым атауы	Атының инициалы, тегі	Қолы	Ескертпе
Заң департаментінің директоры	Бактыбаев Н.А.		
Тәуекел менеджменті департаменті директорының м.а.	Ткишев К.А.		

Осы парақ арқылы қағаз тасымалдағыштағы туынды құжаттың электрондық нұсқада келісілген құжатқа сәйкес келетінін растаймыз.

Өзірлеуші:

Ішкі аудит департаментінің директоры _____ Кошербаева А.М.
(қолы)